

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

7. Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, Изд-во «Қазақ университеті», 2007. – 320 с.
8. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. – М.: Русский язык, 1997. – 128 с

ӘОЖ 327(091):(439+574

ВЕНГРИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ: БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Атабаева Токжан Тасболатқызы

jan_92.17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану
кафедрасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Қилыбаева Б.Қ.

Кеңес одағының қол астында болған елдердің көпшілігі тәуелсіздік алғаннан бері әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешудің жаңа қадамдарын іздеумен және ендірумен айналысуда. Орталық Азия мемлекеттері, әсіресе Қазақстан да осы бағытта жұмыс жасап келеді. Орталық Азия аймағындағы бес мемлекет Шығыс Еуропа елдерінің ішіндегі Венгрия Республикасымен жан-жақты көпсалалы ынтымақтастықты нығайтуды бүгінгі күнде мақсат етіп отыр. Өтпелі кезеңдегі аймақтың елдері қайта құрылу жолына түсіп, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық мәселелерді шешуде айтарлықтай тәжірибе жинақтады. 1989 жылы басталған осы аймақта демократиялық мемлекеттер қалыптастыру процесі қазірде түбегейлі аяқталған.

Халықаралық қатынастар саласында Қазақстан мемлекеті үшін де, Венгрия үшін де басты міндет - әлемдік қауымдастыққа бірте-бірте бейімделу. Қазақстанның Венгрия мемлекетімен екі жақты және көп жақты байланыстарының дамуы екі тараптар үшін де халықаралық сахнадағы ұстанымын нығайтатын бірден-бір фактор. Енді дамып келе жатқан жас мемлекет Қазақстан үшін демократизациялау процесі, атап айтқанда, әлеуметтік және ұлттық мәселелерді шешу тәжірибесі, жаңа демократиялық институттарды құру және тоталитарлық-бюрократтық реттеу тәжірибесі маңызды. Өз кезегінде Қазақстан еліндегі демократиялық құрылымдардың табысты жылжуы Венгрия Республикасы үшін де тиімді. Бұл дегеніміз геостратегиялық орнымен, саяси тұрақтылығымен және табиғи ресурстарымен біріге келе Қазақстан елімен Венгрия Республикасы үшін саяси және экономикалық мүдделерге көзқарасы тұрғысынан тамаша әріптестер бола алады. Технологиялар алмасуда, нарық іздеуде, серіктестікті дамытуда көңіл аудара отырып Орталық Азия елдері Венгрияның сыртқы экономикалық қызметінде маңызды орын алады [1].

Венгрия мен Қазақстан арасындағы ортақ мүдделердің бір көрінісі – Қазақстанның территориясы, географиялық жағдайы және пайдалы қазбаларының мол қоры жағынан ерекше орын алатындығы. Венгрия елінің нарығы, олардың әлеуметтік-экономикалық реформаларының тәжірибесі, Еуропадағы өскелең экономикалық және саяси салмағы, ішкі аймақтық мәселелерді шеше білуі Қазақстан үшін қызығушылық тудырады. Әңгіме экономикалық процесстердің түрлері мен әдістерін көзсіз көшіру туралы емес, керісінше олардың тәжірибесі Орталық Азия аймағындағы жас дамушы ел Қазақстанның халықаралық қатынастардағы жаңа тәсілдерді және әлемдегі геэкономикалық ауысымдарды түсінуіне мүмкіндік береді.

Осы орайда тарихқа көз жүгірте кететін болсақ екі мемлекеттің алғашқы дипломатиялық қатынастары 1992 жылы 23 наурызда орнатылған болатын. 1993 жылы наурызда Венгрияда Қазақстан елшілігі ашылса, осы жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Венгриядағы елшілігі ашылды. Осы кезден бастап екі ел арасындағы қарым-қатынастар өзара түсінушілік пен сенімділік негізінде дамып келеді. Екі елдің

ұстанымдары да ұқсас болып келеді. Бұған дәлел Венгрия Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығын және Астанада «Экспо-2014» өткізуін қолдағандығы.

1994 жылы желтоқсан айында ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Венгрия Республикасына ресми сапары болды [1]. Бұл алғашқы жасалған ресми іс сапар болды. Сапардың барысында Достық қарым-қатынастар ынтымақтастықтың негіздері туралы шартқа қол қойылды. Осы іс-сапарға жауап ретінде Венгрияның Президенті А. Гентің Қазақстанға ресми сапары өтті.

Осыдан кейін 1995 жылғы наурызда Венгрияның Премьер-министрі Д.Хортнидің Қазақстанға ресми сапары өтті. 2005 жылғы мамырда ҚР Премьер-Министрі Д.Ахметов жұмыс сапармен Мажарстанға барып келді. 2007 қарашада ҚР Президенті Н.Назарбаев Будапештке мемлекеттік сапармен болды. Осы сапардың нәтижесінде екі мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі өтті. 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ Саммитінің жұмысына Мемлекет басшысы қабылдаған Мажарстанның Президенті П.Шмитт қатысты. 2012 жылғы 3-4 мамырда Мажарстанның Премьер-министрі В.Орбан ресми сапармен Қазақстанда барып қайтты. Іс-шара шеңберінде 11 құжатқа қол қойылып, кезекті ҰАК-тың отырысы мен бизнес-форум өткізілді. 2013 жылғы 26 қыркүйекте БҰҰ Бас ассамблеясының 68-ші сессиясына қатысу шеңберінде ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов Мажарстанның СІМ басшысы Я.Мартонимен кездесу өткізді. Келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың келешегі талқыланды. Осы кездесуден соң 2013 жылғы 17-19 қарашада ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысовтың Мажарстанға ресми сапары болды. 2014 жылғы 28 қаңтарда ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов бастаған делегациясы Будапешт қаласында өткен «ҚР-ЕО серіктестікті нығайту» халықаралық конференциясына қатысты. Бұл өткен кездесулердің барлығы екі тараптың арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, болашағын нақтылай түскендей [5].

Бұл сөзімнің дәлелі ретінде 2010 жылғы маусымда Мажарстанның Мемлекеттік жиналысында «Мажарстан-Қазақстан» депутаттық ынтымақтастық тобы құрылғандығын айта аламын (17 депутаттардан тұрады). Оның төрағасы Мажарстанның Ұлттық экономика министрі М.Варга болып табылады. 2011 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінде Мажарстанмен ынтымақтастық жасасу жөніндегі топ құрылды (9 депутаттардан тұрады). Оның төрағасы Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Р.Халмурадов болып тағайындалды.

Енді екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты айта кететін болсам, географиялық алшақтығына қарамастан, Қазақстан ТМД елдерінің арасында (Ресей мен Украинадан кейін) Венгрия үшін 3-ші сауда серіктесі болып табылады. ҚР ҚМ Кедендік бақылау комитетінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2013 жылғы екіжақты сауда айналымы 204,4 млн. АҚШ долл. (экспорт – 63 млн. долл., импорт – 141,1 млн.). Бұл 2012 жылғы (260,3) көрсеткіштерімен салыстырғанда 27,5 пайыз кем. Сауда айналымының 2011 жылғы көлемі – 271,1 млн., 2010 жылы – 323,7 млн., 2009 жылы – 142,4 млн., 2008 жылы – 247,1 млн. ҚР Халық банкінің деректері бойынша Мажарстаннан Қазақстанға жалпы тікелей инвестициялардың ағымы 56,9 млн. долл. (47-ші орын) құрды. Қазақстанның инвестиция көлемі 0,1 млн. Қазақстан экспорт құрылымының қомақты бөлігін минералды отын, химиялық тыңайтқыштары, машиналары, жабдық пен механизмдері алады. Импорт номенклатурасында – ауылшаруашылық бұйымдар, азық-түлік органикалық тыңайтқыштар, медициналық құралдар, өндіріс пен кеңсе жабдықтары.

Экономикалық ынтымақтастық келісімге сәйкес, Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия жұмыс істеуде. Оның бірінші отырысы 2008 жылғы қарашада Астанада, екіншісі – 2010 жылғы наурызда Будапештте, үшіншісі Мажарстан Премьер-министрінің 2012 жылғы мамырдағы Астанаға ресми сапары барысында өтті. Қазақстан тарапынан ҰАК тең төрағасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Е.Досаев, Мажарстан тарапынан Ұлттық экономика министрі М.Варга болып табылады. 2012 жылы екі елдің сауда-өнеркәсіп палаталарының жанында бірлескен бөлімшелер ашылды. Мажарстанның ұлттық «MOL» мұнай-газ компаниясы Қазақстанның шикізат

нарығында жұмыс істеуде. Бұл компания Батыс Қазақстан облысында «Федоровский» (25,5 %) мен «КарповскийСеверный» (49%) кен орындарын өндеуде.

Құқық саласындағы ынтымақтастыққа аздап тоқталып өтсек, 2005 жылғы ақпанда Будапешт қаласында Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Мажарстан үкіметаралық комиссиясының бірінші отырысы өтті. Қазақстан тарапынан тең төрағасы ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары М.Демеуов, Мажарстан тарапынан – Мажарстан Ұлттық полициясы басшысының орынбасары, Қылмыс істер жөніндегі дирекциясының басшысы Т.Такач.

Ал мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бойынша 2001 жылғы маусымда Қазақстанның Мажарстандағы мәдени күндері, ал 2002 жылғы маусымда Мажарстанның Қазақстандағы мәдени күндері өтті.

Екі ел арасында тығыз тарихи байланыстар орнатылған, Мажарстанда қыпшақтардың ұрпақтары тұрады. 2007 жылғы қарашада «Мажар қыпшақтары одағының» өкілдерімен кездесуі барысында Елбасы мажар қыпшақтарының Құрметті Көсемі болып сайланды.

Қазақстан мен Венгрия арасындағы қарым-қатынас нығаймаса, төмендей қоймайды. Себебі екі жақты туыстық қатынас байланыстырумен қатар, тиімді серіктестік ретінде де жақсы қатынаста.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Турсинов С. Казахстан-Венгрия исторические связи и современное сотрудничество. Астана, 2004, 188 б.
2. Краткая история Венгрии. М.-1993, С. 230.
3. Контлер Л. История Венгрии тысячелетие в центре Европы. М, 1998, С.386.
4. Болатбеков Ж. А. Европаның ергежейлі мемлекеттері - [Электрондық ресурстар] [Текст] : оқу құралы / - Алматы : Нұр-пресс, 2007.
5. The new democracies in Eastern Europe. GB. 1993.
6. Сүлейменов Т.Ы. Қазақстан және Шығыс Еуропа елдері: негізгі бағыттары мен ынтымақтастық басымдықтары, Монография, Астана 2010, 40 б .

УДК 327(574)

АЗИАТСКАЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ КАК СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ИНИЦИАТИВА ПРЕЗИДЕНТА РК Н.А. НАЗАРБАЕВА В РАМКАХ ШОС

Бекбосынова Гайни Нурланкызы

g.bekbossynova@mail.ru

Магистрант университета «Астана»

Научный руководитель доктор PhD Жансагимова А.Е.

Энергетическая проблема, на сегодняшний день, стоит наиболее остро перед всем мировым сообществом. Свидетельством этому является внимание мировой общественности, прикованное к данной проблеме, а также ситуации, с которыми приходится сталкиваться каждому государству в отдельности. Начавшийся рост экономики стран Азиатского региона прогнозирует существенное увеличение спроса на энергетические ресурсы, что делает актуальной разработку скоординированной политики стран в энергетическом секторе в условиях глобализации и ужесточения общемировой конкуренции, обострения борьбы за энергетические ресурсы и рынки. Впервые идею и формат энергетического сотрудничества стран-участниц ШОС обозначил Президент РК Н.А. Назарбаев, предложив идею создания «Азиатского энергетического рынка», который смог бы не только объединить усилия стран-участниц в энергетической сфере, но и создать принципиально новую, самодостаточную структуру на евразийском пространстве. Обеспечение глобального энергетического баланса